

Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының, ұнтақ жарманың және халыққа пісірілген нан орнына сатылатын ұнның бағасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 тамыздағы N 745 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Энергия көздерінің бағасы өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 1 қыркүйектен бастап халыққа мемлекеттік ресурстан бөлінген астықтан өндірілетін нан, нан-тоқаш өнімдерін, тары, ұнтақ жарма, пісірілген нан орнына өткізілетін ұн сату Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының және ұнтақ жарманың бағасы туралы" 1992 жылғы 16 қыркүйектегі N 767 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 35, 543-бап) қазіргі бөлшек сауда бағасына 5 арттыру коэффициенті қолданылып жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Сауда кәсіпорындары мен ұйымдары осы қаулыда аталған өнімдердің 1993 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қалдықтарын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бағаны ырықтандыруға байланысты өнімдер мен тауарларға қайта бағалау жүргізу туралы" 1992 жылғы 3 қаңтардағы N 4 қаулысында белгіленген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 1, 8-бап) тәртіппен түгендеме жасау және оларға қайта бағалау жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіпке және осы қаулыға сәйкес мемлекеттік реттелетін баға бойынша нан, нан-тоқаш өнімдерін, ұнтақ жарма, тары және пісірілген нан орнына өткізілетін ұн өндіру мен сатуға байланысты кәсіпорындар шығынының орнын толтыру үшін қаражат іздестірсін.

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1993.11.12. N 1121 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі